**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**2025-2026 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің**
**№4 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ**

**Түркістан қаласы** **20 қараша 2025 жыл**

**Өткізілген орны:** Сенат залы

**Өткізілген уақыты:** 2025 жылдың 20 қарашасы, сағат – 14:30

**Қатысқандар –** ОӘК мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. 2025-2026 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда білім алушыларға ұсынылатын дипломдық жоба тақырыптарын және сын-пікір берушілер тізімін бекіту *(Баяндамашы: Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);*
2. 2025-2026 оқу жылына бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттаудың өткізу нысанын бекіту туралы *(Баяндамашы: Факультет декандары, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы – Л.Ибрагимова);*
3. Дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімін және бағдарламаларын бекіту *(Баяндамашы: Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев).*
4. 2025 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы *(Баяндамашы: Факультет декандары, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы – С.Мухиддинова);*
5. Әртүрлі мәселелер

5.1. Білім беру бағдарламаларын ББ реестірінен шығару туралы *(Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);*

5.2. «7М04168 ЕМВА-Денсаулық сақтаудағы іскерлік әкімшілендіру» ББ академиялық күнтізбесін бекіту *(Баяндамашы: Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің деканы Ж.А.Жагипарова);*

5.3. Өнер, медиа және дизайн факультетінен ұсынылған Күміс университетінің бағдарламалары бойынша курс бағдарламаларын бекіту *(Баяндамашы: Бағдарлама жетекшілері);*

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
КӨШІРМЕ ДҰРЫС
Әдістемелік бөлім

5.4. Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту *(Баяндамашы: Факультет төрағалары).*

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** 2025-2026 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда білімгерлерге қосымшадағы кестеге сәйкес ұсынылған дипломдық жоба тақырыптары және сын-пікір берушілер тізімі бекітілсін (Қосымша 1) *(Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев).*

**Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1 Факультет декандарының ұсынысы негізінде 2025-2026 оқу жылында білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға қорытынды аттестаттау нысандары тізім бойынша бекітілсін (Қосымша 2) (*Жауапты – Академиялық департамент, факультет декандары)*;

2.2 Факультет декандарының ұсынысы негізінде қыста бітіретін 2024-2025 оқу жылында білімін аяқтай алмаған білім алушылардың білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды қабылдау нысандары бекітілсін (*Жауапты – Академиялық департамент, факультет декандары).*

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3. Дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімі және бағдарламалары бекітілсін *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев).*

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1 Түлектердің жұмысқа орналасуын талапқа сай жүзеге асыру үшін кадр даярлаушы кафедрада бекітілген іс-шаралардың орындалуы бойынша *ай сайын жүргізілген жұмыстардың есебі* факультет Кеңесінде қаралып, тиісті өзгерістер енгізілсін *(Жауапты: факультет декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, орындалу мерзімі – ай сайын);*

4.2 Бітіруші курс және 2, 3, 4-курс білім алушыларына ***enbek.kz*** электрондық еңбек биржасында кәсіптік практикадан өту және жұмысқа орналасу платформасында ұйымдастырылсын *(Жауапты: факультет*

КӨШІРМЕ ДҰРЫС
Әдістемелік бөлім

*декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, кәсіптік практика жетекшілері, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, Тіркеуші офисі);*

4.3 Мәліметтер назарға алынсын.

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.2. «7M04168 EMBA-Денсаулық сақтаудағы іскерлік әкімшілендіру» ББ академиялық күнтізбесін бекітуге кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын *(Жауапты: Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің деканы Ж.А.Жагипарова).*

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.3 Өнер, медиа және дизайн факультетінен ұсынылған тізімдегі Күміс университетінің бағдарламалары бойынша курс бағдарламалары бекітілсін *(Жауапты: Бағдарлама жетекшілері):*

1. АРТ-терапия» оқытушыларға арналған шығармашылық даму;
2. «Люневиль кесте» техникасы бойынша оқытушылардың шығармашылық даму;
3. «Цианатопия-Фотоаппаратсыз фото жобалау техникасы» оқытушыларға арналған шығармашылық даму.

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.4. Соңғы 3 (үш) және 4 (төрт) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы, түсуші талапкерлердің аз болып, топтың құрылмауына байланысты кестедегі білім беру бағдарламалары ББ реестрінен шығару үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын *(Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Шахабаев)*

| **№** | **Шифр** | **ББ тобы** | **Шифр** | **ББ атауы** | **Ескерту** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | B038 | Әлеуметтану | 6B03190 | Әлеуметтану-Дінтану | 2 жыл қатарынан қабылдау болмаған. |
| 2 | B093 | Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі | 6B01180 | Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі | Білім беру бағдарласына түсушілердің аз болып, топтың құрылмауы |
| 3 | M072 | Менеджмент және басқару | 7M04150 | Білім беру саласындағы | 3 жыл қатарынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | менеджмент (1жылдық) | қабылдау болмаған. |
| 4 | M072 | Менеджмент және басқару | 7M04160 | Денсаулық сақтау саласындағы менедмент (1жылдық) | 3 жыл қатарынан қабылдау болмаған. |
| 5 | M089 | Химия | 7M05324 | Химия | 3 жыл қатарынан қабылдау болмаған. |
| 6 | D010 | Математика педагогтерін даярлау | 8D01502 | Математика | 3 жыл қатарынан қабылдау болмаған. |

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.4 Дайындық орталығы, «Қазақ, орыс тілдері» бөлімінің аға оқытушысы, п.ғ.к. А.Қ. Мырзаханова, КИМЭП университетінің доценті Ш.Д. Адиева және «Қазақ, орыс тілдері» бөлімінің аға оқытушысы Ж.Б. Базарованың «Кәсіби қазақ тілі: экономика» атты оқу құралы кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

**Оқу-әдістемелік комитет хатшысы** **И.Б. Усембаева**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
КӨШІРМЕ ДҰРЫС
Әдістемелік бөлім